

ҰБТ-2024

ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ




Тест тапсырмалары көбейеді

2024 жылы ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгермейді: әдеттегідей үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша.

Алайда міндетті "Оқу сауаттылығы" мен "Математикалық сауаттылық" пәндерінен тапсырмалар саны 5 сұраққа қысқарады.

Ал бейіндік пәндердің сұрақтары, керісінше, артады. Келесі жылы олар 40 тапсырмадан тұрады: бейіндік пәндер бойынша сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылады.



Осылайша ҰБТ-ның жалпы тапсырмалар саны – 120 сұрақ өзгеріссіз қалады:

Қазақстан тарихынан – 20 тапсырма;

Оқу сауаттылығынан – 10 тапсырма;

Математикалық сауаттылықтан – 10 тапсырма;

екі бейіндік пәннен – әрқайсысы 40 тапсырмадан.

Жоғары балл да өзгермейді – 140.

ҰБТ пәндері бойынша шекті балл

2024 жылы екі міндетті пән бойынша шекті балл төмендейді:

Математикалық сауаттылық – 10 тапсырма, **шекті балл – 3;**

Оқу сауаттылығы – 10 тапсырма, **шекті балл – 3;**

Қазақстан тарихы – 20 тапсырма, шекті балл – 5;

Бірінші бейіндік пән – 40 тапсырма, 50 балл, шекті балл – 5;

Екінші бейіндік пән – 40 тапсырма, 50 балл, шекті балл – 5.

Айта кетері, бұған дейін ҰБТ-ның барлық пәні бойынша шекті балл 5 болған еді.



Тестілеу уақыты қысқарады

2024 жылғы ҰБТ-ның тағы бір жаңашылдығы – тестілеу уақыты қысқарады.

Енді ҰБТ тапсыру үшін түлектерге 3 сағат 30 минут (210 минут) беріледі.

Бұрын тестілеу уақыты 4 сағатты (240 минут) құрайтын.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қосымша 40 минут уақыт сақталады.



Шығармашылық мамандықты таңдағандар үшін – тағы бір міндетті пән

2024 жылдан бастап ҰБТ-да шығармашылық бағытты таңдаған талапкерлерге тағы бір міндетті пән қосылады. Енді олар "Қазақстан тарихы" мен "Оқу сауаттылығы" пәндерімен қатар **"Математикалық сауаттылықтан"** да тест тапсырады.